

ISSN 1563-0323
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№1 (173)

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

<i>Altybaeva K.A., Zhaksylykov A.Zh.</i>	
The ecological discourse of the novel by R. Seisenbayev «The dead roam in the sand» in artistic dynamics	
<i>Атаханова Н.А., Усербаева М.К.</i>	
Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік даму бағыттары	
<i>Bazylova B.K., Akisheva S.N.</i>	
The features of composition in the historical novel	
<i>Бисенбаев П., Кәрібозов Е.</i>	
Назира дәстүрі және түркі әдебиеті	
<i>Bissenbayeva A.P., Abdurakyn N., Luo X.M.</i>	
Features of the chinese network literature	
<i>Джолдасбекова Б.У., Жаппаркулова К.Н., Александрова О.И.</i>	
Стилистика художественного нарратива А.К. Толстого	
<i>Dossanova N.Zh., Abdimanuly O., Kapagan E.</i>	
The first research of literature in the early xx century	
<i>Иманбаева С.С., Сандықбаева Ө.Д., Аширова А.Т.</i>	
«Зар заман» ағымы ақындарының толғауларындағы елдік идеясы	
<i>Қалқабаева С.Ө.</i>	
Ө. Нұршайықовтың деректі көркем прозасындағы шығармашылық тұлғалар	
<i>Темірболат А.В.</i>	
Artistic originality of G. Belger's novel «Tuyuk su»	

3-бөлім Раздел 3
Тіл мен әдебиетті Методика преподавания
оқытудың әдістемесі языка и литературы

<i>Адскова Т.П.</i>	
Обучение функциональному чтению в практике преподавания профессионального русского языка	
<i>Akimbekova G.Sh., Baieli A.Sh., Kruszewski W.</i>	
Preliminary terms of modernization in kazakh language training	
<i>Баркибаева Р.Р., Күнапияева К.С., Байғұшикова А.М.</i>	
Виртуальная музейная медиатека как информационный ресурс	
<i>Gumarova Sh.B., Strautman L.E.</i>	
Machine translation in teaching the course of scientific technical translation	
<i>Тажиббаева Ш.А., Ержанова Е.Е.</i>	
Особенности организации и проведения факультативных занятий по русской литературе в национальной школе	
<i>Кузнецова Т.Д., Балмагамбетова Ж.З.</i>	
Дидактические возможности проектных технологий в иноязычном образовании	
<i>Мәмбетов Ж.О., Кенжеқожаева А.</i>	
Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар және оқыту әдістемесі	
<i>Нұржанова А., Нұрлыбай А.</i>	
Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің қазіргі жай-күйі	
<i>Nurshakhova Zh.A., Turbekova S.A., Raimbekova A.A.</i>	
Monitoring of computer educational platforms and educational literature for development of practical online course of Russian as foreign	
<i>Рамазанова Г.Х.</i>	
Лингво-философская интерпретация понятий «смысл текста», «структура текста»	
<i>Tattimbetova Zh.O., Denisenko V.N., Tattimbetova K.O.</i>	
Methods and methods of analytical reading	
<i>Tilimissova D.S., Yessengaliyeva A.M.</i>	
To the question of the CLIL using in teaching foreign languages	

FTAMP 17.07.41

Қалқабаева С.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры м.а., ф.ғ.к., доцент,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sk.61@mail.ru

**Ә. НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ
ДЕРЕКТІ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫНДАҒЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАЛАР**

Бұл мақалада Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың деректі көркем прозасында шығармашылық тұлғалар мен әдебиет қайраткерлерінің бейнесін жасау жолында қаламгерлік еңбегі мен шеберлігі сөз етіледі.

Мақалада әдебиетте өз орны бар аға буын өкілдері мен замандастарын кейіпкер етіп алған естелік, эссе, хикаялардан бастап, повесть, романдарына дейін қарастырылады. Шығармашылық тұлғаның ішкі әлемін ашу кілті ретінде деректілікпен қатар, қаламгерлік шеберлікпен қолданған көркемдік тәсілдері мен дара стилі қарастырылады.

Мақалада суреткер қаламынан туындаған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Тоғыз толғау» повесть-монолог сияқты туындылары талданып, М. Әуезов, Б. Момышұлындай ірі тұлғалардың көркем бейнесін жасау шеберлігі сөз етіледі.

Мақалада кім туралы, не жайында қалам тербесе де деректі материалдарға, өмірдің ақиқат жайларына сүйене отырып, оны көркем сөз өрнегіне түсіру Ә. Нұршайықов шығармашылығының басты ерекшелігі екендігі дәлелденеді. Кейіпкерлері тарихи тұлғалар болғандықтан, оның болмысы мен характерін қаз-қалпында бейнелеуге ұмтылуы, деректі материалдарға жүгінуі шығармаларының тарихи маңыздылығын да арттыра түсетіндігі айтылады.

Түйін сөздер: деректі көркем проза, шығармашылық тұлға, деректілік пен көркемдік, дара стиль, роман-сұхбат, повесть-монолог.

Kalkabaeva S.A.,

Candidate (Ph.D.) of Philological sciences, Professor
of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sk.61@mail.ru

**Creative personalities are in documentary artistic prose
of A. Nurshaikhova**

This article reveals the creative work and mastery of the national writer of Kazakhstan, Azil Khan Nurshaikhov, to create the image of creative individuals and literary figures.

In article it also considers reminiscences, essays, short stories, novels and romances, the heroes of which are representatives of the older generation and contemporaries who have made a significant contribution to the Kazakh literature. As a key to revelation the inner world of a creative person, both documentary and artistic tricks and the individual style of the writer, who is using all the existing possibilities of literary techniques are considered.

In article the novel interviews «Truth and legend», a monologue «nine essays», are widely considered, the writer's skill in creating the artistic image of such famous persons as Auezov, Momyshev and others is deeply analyzed. In article proved that the artistic presentation of vital material based on specific documentary facts is the main feature of the work of Nurshaikhov. Since the characters in the works are purely historical personalities, the writer's desire to depict their character in accordance with the documentary material gives the works even more historical significance.

Key words: documentary artistic prose, creative personality, documentaryness and artistry, individual style, novel-interview, story-monologue.

Калкабаева С.А.,

к.ф.н., доцент, и.о.профессор Казахского национального университета
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sk.61@mail.ru

**Творческие личности в документальной художественной
прозе А. Нуршаихова**

В данной статье раскрывается творческий труд и мастерство народного писателя Казахстана Азияхана Нуршаихова по созданию образа творческих личностей и литературных деятелей.

В статье рассматриваются воспоминания, эссе, рассказы, повести и романы, героями которых являются представители старшего поколения и современники внесшие весомый вклад в казахскую литературу. В качестве ключа к раскрытию внутреннего мира творческой личности рассматриваются как документальность, так и художественные приемы и индивидуальный стиль писателя, использующий все существующие возможности литературных приемов.

В статье широко рассматриваются роман-интервью «Истина и легенда», повесть-монолог «Девять эссе», глубоко анализируется мастерство писателя в создании художественного образа таких известных лиц, как М. Ауэзов, Б. Момышұлы и других.

В статье доказывается, что художественная подача жизненного материала опираясь конкретным документальным фактам является основной особенностью творчества А. Нуршаихова. Так как, персонажами произведения являются сугубо исторические личности, стремления писателя изобразить их характер в соответствии с документальным материалом придает произведениям еще больше исторической значимости.

Ключевые слова. документальная художественная проза, творческая личность, документальность и художественность, индивидуальный стиль, роман-интервью, повесть-монолог.

Кіріспе

Қазақтың деректі көркем прозасында шығармашылық тұлғалар мен әдебиет қайраткерлерінің бейнесін жасау жолында еселі еңбек еткен жазушыларымыздың бірі – Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов. Жазушы өзінің өмір жолында жолығысқан, тағдырлары бір арнада тоғысқан ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің өнегелі өмірлерін өз шығармашылығына шынайы арқау етеді. Әдебиетте өз орны бар аға буын өкілдері мен замандастарын естелік, эссе, хикаялардан бастап, повесть, романдарына дейін кейіпкер етіп алады. Оның қаһармандары – Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Мұқан Иманжанов, Әбділдә Тәжібаев, Тахауи Ахтанов сынды әдебиет қайраткерлері екендігін деректі көркем прозасынан көреміз. Суреткер қаламынан туындаған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Тоғыз толғау» повесть-монологы, «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романы, «Екі естелік» эссе, хикаялар кітаптарынан әдебиетімізге еңбегі сіңген көрнекті жазушы, ақын ғалымдардың қалыптасу жолдарын, шығармашылықпен айналысқан тұлғалардың әдеби-мәдени әрі қоғамдық ортасын көріп, олардың асқақ бейнелеріне сүйсініп, асыл қасиеттерін мойындаймыз. Жа-

зушы шығармаларына ден қойып қарасақ, көрнекті әдебиетшілер өмірінің гибратты тұстары мен талантының жарқ еткен бір сәттерін, адамгершілікпен үйлескен азаматтық келбеттерін айшықты етіп көрсету суреткердің ізгі мақсаты іспетті.

Эксперимент

Көпшілікке танымал адамдар жайлы жазу үшін шығарманың шыншылдық қуатына аса ден қою қажет. Өйткені белгілі адамдар бейнесі көп әсірелеу мен асыра сілтеушілікті көтермейді. В.В. Филиппов «Русская литература» журналының 1978 жылғы бірінші санында жарияланған «Көркем әдебиеттегі документализм мәселесі» мақаласында: «... документальность в художественной литературе связана с воссозданием реального лица, невыдуманного события, конкретного места и времени действия, во-вторых, с введением в произведение различного рода документов выполняющих художественные функции» (Bondarenko, 1980: 12), – деп деректіліктің көркем шығармадағы сипатын түсіндіреді. Бұған қоса кететін нәрсе, деректі көркем шығармада басты көңіл тарихи тұлға өмірбаянына, суреттелетін оқиғаға бөлінетіндігі. Әрі жазушы мақсаты оқиға мен қаһарман характерін табиғи қалпында көркем суреттеу болуға тиіс. Себебі деректі көркем прозаның ғылыми-тарихи зерттеулерден айырмасы нақты

оқиғаны көрсетуі мен дара тұлғаның портреттік-психологиялық бейнесін жасау шеберлігі жазушының көркем қиялымен (вымысел) жымдасып кетуге тиіс. Дерек, факт, документ жансыз материал ғана іспетті, ал суреткер оған жан бітіруге тиіс. Онсыз шығарма көркемдік дәрежесіне, идеялық максат-мұратына жетпейді, танымдық, тәрбиелік мәніне ие бола алмайды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев айтқандай: «Жазушының ойлау парасаты мен суреткерлік шеберлігі жоғары деңгейде тоғысқанда ғана тарихи шындық пен жазушы қиялдауы арасында жарасым орнайды, шығарманың тарихи негізі айқындалып, маңыз мәні арта түседі» (Dadebaev, 1991: 44). Өмірдің шикі материалы мен шындық арасындағы алыс жолды жүріп өту үлкен парасат пен шеберлікті, талант пен талғамды қажет етеді. Демек, суреткер шеберлігі, көркем бейнелеуі шығармада басты роль атқарады.

Осындай заңдылықты ескерген автор «Тоғыз толғауда» повесть-монологында не толғаса да өзі куә болған немесе басынан өткерген жайды ғана қаз-қалпында көркем тілмен жеткізуге тырысқан. Бұл әдіс жазушының өмірлік деректерді ұтымды әрі шебер пайдалана білетін ерекшелігін көрсетеді. Бұған қоса айтарымыз, жазушы қолданған сан-алуан көркемдік әдіс-тәсілдердің ішінде деректілік негіздің болуы шығарма шынайылығы мен құндылығын арттырып тұрған бірден-бір қасиет. Мұның тамаша үлгісін жазушының «Тоғыз толғау» повесть-монологынан көреміз. Ардагер азаматтар мен атақты адамдар ғұмырының ұшқындары, солардың өмірінің бөлшектері іспетті бұл толғау деректі материалдарға толы. Осы тұста айта кететін жайт, деректілік ақиқи оқиғаларды нағымды көрсетудің ұтымды жолы болғанмен, қиындықтары да көп. Мұны жазушының мына бір сөзінен де аңғарамыз: «Деректі шығармада шындықтың өзі ғана шырқап тұруы керек. Деректі кейіпкер көркем қаһарман сияқты үнсіз қала бермейді, өзін теріс суреттесе жазушымен дауласа да жауласа да алады. Деректі тарихи оқиға – халық қазынасы, халық оны ешкімге де бұрмалатпайды» (Nurshaikhov, 1980: 363). Ә. Нұршайықов осындай қиындықты сезе тұра, одан тайсақтамай әдебиетіміздегі деректі көркем прозаға өз үлесін қоса білді.

Әдебиетіміздің алыптары М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин өмірлерінің шуақты сәттері жайында толғайтын «Тоғыз толғау» повесть-монологы Мәлік Ғабдуллин мен автор тарапы-

нан баяндалады. Соны ізденістерге толы бұл шығармаларда ірі тұлғалардың бойындағы асыл қасиеттер мен кейбір ерекшеліктерді екеуінің өзара әңгімесінен айқын аңғаруға болады.

Шығармаларында адам жанының күрделі табиғатын танытуға ұмтылған Әзілхан Нұршайықов Мұхаңдай тұлғаның ішкі әлемін ашу кілті ретінде деректілікпен қатар, көркемдік тәсілдердің бар мүмкіндігін қолданған. Бұл сөзімізге дәлел ретінде Әзағанның кейіпкер характерін іс-әрекет үстінде таныту, әртүрлі ситуациялық жағдайдағы портреттерін жасау, мінездеме беру, кейіпкердің ішкі ойы мен сөйлеу тілін психологизммен ұстастырып отыру, ұқсату, теңеу т.б. көркемдік тәсілдерді түрлендіре қолданғандығын айтуға болады.

«Тоғыз толғау» повесть-монологы – естелік-әңгімелерден тұратын, баяндау тәсілі өзгеше шығарма. Алғашқы әңгімесі «Ұмытылмас бейне» атты естеліктен басталады. Мұхтар Әуезовпен кездескен, сұхбаттас болған кездерінің әрбір сәті күні бүгінге дейін көңілінде сайрап тұрғандығын автордың үлкен тебіреніс, ыстық сезіммен еске алуынан байқаймыз. Керекке келген сапарындағы кемелдердің түр-тұлғасы, кездесуде сөйлеген сөзі автордың ерекше тебіренісіне толы: «Мінә, Мұхаң сөзге кіріскелі тұр. Алдымен ол өзінің мінбеге келуін де қол соғып қарсы алған жұртқа, көкжиектен жарқ етіп жаңа ғана шыққан күннің жылы шуағындай болып, шын көңілімен балаша жымып, қасқа маңдайлы үлкен басын залдың екі жақ шетіне, түкпіріне, тіпті президиум үстелінде отырғандарға дейін кезек иіп, үлкен ықыласпен зор ілтипат жасайды. Жазушы мен оқушы жүрегі әрқашанда жалғас болмақ» (Nurshaikhov, 2005: 24). Мұхаңның аузынан шыққан әрбір сөз бен лебіздің құдіретін жеткізуде неше түрлі баламаларды қолданғандығын мына тіркестер мен сөйлемдерден де байқауға болады: «Қазақша сөйлесе – тұлпар, орысша сөйлесе – сұңқар...» (Nurshaikhov, 2005: 23). «Ол – теңіз ырғағы. Бірін-бірі қуып, бірінен-бірі озған теңіз толқынындай...» (Nurshaikhov, 2005: 24). Тындаушысы да «...жаны толқын қуған қайықтай болып, ырғала шайқалып, теңселе тербеледі: бір сәт дауылпаздай боп биікке самғап, біресе қырандай жүйткіп төмен қарай зымырайды. Содан кейін лап етіп аспанға қайта көтеріледі де, толқынды қуалай толассыз қанат қағады» (Nurshaikhov, 2005: 24). Авторлық ұқсатулар мен теңеулердің өзі-ақ шешен өнерінің теңдессіз екендігін мойындатады. Қалың жұртқа Мұхаңды қадірлі еткен атақ-даңқы ғана емес, үздік

ой, өнегелі сөздеріне қоса, кішіпейілдігі мен ізеттілігі екендігіне иландырады.

Автор тарапынан баяндалатын алғашқы әңгімеден кейін Мұхаң туралы естелік-әңгімені әдебиетші-ғалым М. Ғабдуллин жалғастырады. Мәлік Ғабдуллиннің әдебиет тарландары М. Әуезов, Ж. Жабаев, С. Мұқанов, Б. Майлиндермен кездесулері, Кеңес Армиясында қызмет еткен кездеріндегі қызықты эпизодтар жеке новеллалар түрінде беріледі. Ұлы тұлғалар мен атақты адамдар ғұмырының ұшқындары, солардың өмірінің бөлшектері іспетті бұл толғау деректі материалдарға толы. Повестің бас кейіпкері халқымыздың асыл перзенті Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика ғылымы академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Мәлік Ғабдуллин болуының өзі мұны айғақтаса керек. Автор М. Ғабдуллиннің күнделікті өмір тіршілігіндегі қарапайым бейнесін, қазақ әдебиетінің білгірі болғандығын шынайы қалпында көрсетеді. Мұны жазушы Мәлікке бар сырды жасырмай шыншылдықпен баяндалу арқылы шешкен. Әрі Т. Кәкішев айтқандай: «Әңгіме шертушінің жан дүниесіндегі құбылыстарды аңғартар кезде өмір деректері кимелеп кіреді де, жасалар көркем образ мәнді штрихтармен жарқырай түседі» (Kakishev, 2002: 4). Сондықтан да болар «Ұмытылмас бейне» бөлімінде ғұлама жазушымыз Мұхтар Әуезовтің білгірлігін, кішіпейілдігін, сыпайылығын, мейірімділігін көрсететін детальдар келтірілген. Әсіресе жас талапкер жазушыларға деген бейілі мен жалын беріп жігерлендіре жүретін қамқорлығы автор тарапынан баяндалатын естелік-әңгімеде үлкен ықыласпен айтылған. Повесте Мұхаң образын кеңірек аша түсуде М. Ғабдуллиннің толғаулары басты қызмет атқарған. Екінші толғаудағы «Бір хаттың тарихынан», Мұхаң мен Мәлік арасындағы жазысқан хаттардан олардың әдебиет майданындағы еңбектері жайынан мағлұматтар алып, аға мен іні арасындағы сыйластықты аңғарамыз. 1955 жылдың 28-қазанында «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған Мәлік Ғабдуллиннің «Мұхтар Әуезовке хатының» тұтастай келтірілуі, осы жылдың 11-қарашасында шыққан Мұхтар Әуезовтің «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатының» мазмұнын беруі, М. Әуезовтің үлкен талант иесі бола тұра, әділдікке бас ие білетін, әділ сынды қабылдай алатын кішіпейілдігіне сүйсіндіреді. Осы тұста айта кететін бір жайт, бұл хаттардан тарихи шындықтың табы сезіледі. Атап айтқанда, елуінші жылдардағы әдебиет май-

даны атмосферасындағы келеңсіз жайлардың бір-бірімен көңілі сыйлас аға мен іні арасына да салқындық тигізгендігін түйсінеміз. Алайда адал көңіл иесі болған бұл жандардың үлкен жүрегі ұсақтыққа орын бере алған жоқ. Іні аға алдында кешірім сұрай білсе, аға оны кешіре алды. Осы хаттарды оқи отырып, ұлы адамдардың мәдениеттілігіне, сыпайылығына тәнті болып, әр кез әдеби сын осындай биік дәрежеден көрініп жатса деп ойлайсың.

Повесть – толғауда автор М. Әуезовтің жазушылық қызметінен гөрі адамдық болмысын аша түсуді көздеген. Ол үшін Мұхаңның бала сияқты кей мінездерін, иланғыштығын, жомарттығын, мырзалығын көрсететін шағын эпизодтарды пайдаланған. Жақан Сыздықов айтқан «Жақанның әңгімесінен» құрдастар арасындағы жарасымды әзіл-қалжыңды, Мұхаң ауызша айтқан жеке сөздердің айтылу тарихын рахаттана оқып, Мұхаңның жан тазалығына, шешендігіне сүйсінесің.

Ә. Нұршайықовтың деректі прозасында Әуезовтің кең эпикалық көлемде негізгі қаһарман етіп бейнелемесе де, бірнеше шығармаларында дара тұлғаның образын жан-жақты таныта алғандығын айтқанымыз абзал. Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы, «Тоғыз толғау» повесть-монологы, «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романы, «Екі естелік» эссе, хикаялар кітаптарынан М. Әуезовтің толыққанды бейнесін көре аламыз. Жазушы бұл шығармаларында Мұхаң өмірінің ғибраты мол тұстарын, адамзат мойындаған дарыны мен қабілетін, кемеңгерлігі мен биік парасатын, адамгершілікпен үйлескен азаматтық келбеттерін айшықты етіп көрсетуді мақсат еткен.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының да басты кейіпкері – шығармашылық тұлға. Ақиық қырандай ғұмыр кешкен халқымыздың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлының биік парасаты мен асау рухын, ерлігі мен батырлығын, мінезінің қырларын жазу үшін қалам ұстап, ой тербетпеген акын-жазушы кемде-кем. Кейіпкері болған шығарманы айтсақ, А. Бектің «Волоколамск тас жолы» (Bek, 1980) А. Кривицкийдің «Москва түбіндегі қарауылы» (Krivitsky, 1986), Д. Снегиннің «Шабуддасы» (Snegin, 1983), М. Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарымы» (Gabdullin, 1972), З. Ахметованың «Шуақты күндері» (Akhmetova, 2008), Б. Момышұлының автобиографиялық кітаптары «Ұшқан ұясы»,

«Москва үшін шайқасы» (Momyshuly, 2003) Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» » (Nurshaikhov, 2005) т.т. Бұл шығармалардың тақырыбы ортақ, кейіпкері бір болғанымен, жазылу мәнері, стилі әрқалай.

Дегенмен, Баукеңдей ержүрек жанның шынайы тұлғасын бейнелеуде соны бағыт тауып, батыр болмысын терең зерттеп толымды туынды жазған, қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықов. 1976 жылы алғаш рет кітап болып жарияланған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатын бүгінгі, тіпті ертеңгі оқырман да әр оқыған сайын Баукеңмен қайта жүздесіп, қайта араласып отырғандай күй кешері даусыз. Роман туралы кезінде баспасөз беттерінде көптеген пікірлер айтылып, баға берілгенмен, уақыт өткен сайын қайта ой елегінен өткізіп, жаңаша тұрғыда әр қырынан қарап отыру кейінгі ұрпақтың міндеті болса керек.

Бауыржан Момышұлы – отаншылдығымен, патриоттығымен әрі шығармашылық өнерімен де тарихтан өз орнын алған тұлға. Ел арасында аты аңызға айналған батыр туралы жазу жазушыға оңай соқпады. Себебі бұл шығарма кейіпкердің көзі тірісінде жазылды. Сондықтан да жазушының өмірден болмаған жайды қиялдан қосып жазуына хақысы жоқ еді. Осыны сезінген жазушы батыр туралы романды деректі шығарма түрінде жазуды ұйғарды. Жазушы Баукеңмен арагидік кездесе жүріп, талай жылдар бойы сұхбаттас, сырлас болды. Мұнымен қатар Баукеңнің туып өскен жеріне барып, бірге өскен замандастарымен, туыстарымен, қызметтес болған көптеген адамдармен сөйлесіп, ел аузындағы батырдың өз сөздерін, ол туралы аңыз болып кеткен әңгімелерді қағазға түсірді.

Бауыржанның қаһармандық тұлғасын нанымды жасауда М. Ғабдуллиннің, зайыбы Кәмаштың, замандастарының, әдебиет қайраткерлерінің естелік-әңгімелері, қарулас және қызметтес болған жолдастарының сөздері, әртүрлі құжаттар, мінездемелер, хаттар, күнделіктер мен хаттамалардың тұпнұсқасы келтіріліп отырады. Роман оқиғасы әлемге әйгілі қолбасшы әрі жазушы Б. Момышұлының өмір жолына құрылғанымен, ол тәлім-тәрбие алған, қызмет еткен қоғамдық орта кең ауқымда алып көрсетілген. Оны Баукеңнің адамдарға, қоғамға, өмірге, тілге, әдет-ғұрыпқа, әдебиет пен өнерге, армияға, анаға т.б. қарым-қатынасын, пікірін, көзқарасын ашып отыру негізінде танытқан. Осының бәріне зейін салып қарасақ, романда қозғалмаған тақырып, қамтылмаған мәселе кемде-кем.

Роман-сұхбатта бас кейіпкердің өз әңгімесіне қоса, баспасөз материалдары, естеліктер, өлең-жыр, ел арасына тараған қызық аңыздар мен әңгімелер, құжаттар молынан пайдаланылған. Оларда сөз етілетін мәліметтер, әңгімелер, суреттемелер батырдың сырт тұлғасы мен рухани-адамгершілік әлемін айқара ашып отырады. Шығармада Баукеңнің жан дүниесі – бай. Ол – әділ де шыншыл, айтар ойын жасқанбай кесіп айтатын өжет те қатал, сонымен қатар жаны жайсаң, кішіпейіл де жомарт, нәзік сезімнің иесі. Баукең бойындағы осындай қасиеттер сезімталдықпен жеткізіледі. Байсалды байқаумен ғана шектелмей, кейіпкердің күнделікті өмір тынысынан тұшымды ой топшылап отырады.

Ә. Нұршайықов өз қаһарманының толғаныстарын, ішкі күйлерін нәзік сезіммен жеткізе біледі. Өйткені оның кейіпкері тек батыр ғана емес, өнер адамы. Ал шығармашылық іс-әрекет сезіммен сабақтас. Сезімсіз бейнелі ойды, шындықты табу мүмкін емес. Содан да болар романда сезімталдық, тез қабылдағыштық, образды ойлау мен рухани тебіреніс Баукең бойынан әркез көрініс алып отырады: айналада болып жатқан көріністерді қиял елегінен өткізу, тосын теңеу табу, өмірден көрген-сезгендерін басқалардан өзгеше қабылдау. Оның көзі – айналасын қаламгерлік көзбен ұғынған ой көзі. Авторға айтқан жауаптары образды сөзге, теңеуге, метафораға толы. Ол өмірден көрген-сезгендерін басқалардан өзгеше қабылдайды. Оның көзі – өмір құбылыстарын қаламгерлік көңілмен ұғынған ой көзі. Сұхбат барысындағы авторға айтқан жауаптары образды сөз, теңеу, метафораға толы. «Ақиқат пен аңыздың» үшінші диалогындағы автор мен Бауыржанның мақалдатып айтыса жөнелетін тұсына көңіл аударалық:

«Автор. Ұстазына шәкірті шариғат айтпайды, Бауке.

Бауыржан. Заман – теңіз. Теңіздің түбінде шабақ та жүзеді, шортан да жүзеді. Понято тебе?

Автор. Ақырғанның бәрі арыстан емес.

Бауыржан. Үндемегеннің бәрі данышпан емес.

Автор. Қисық ағаш шынар болмайды.

Бауыржан. Ер бұтақты емен шынар болуға құмар болмайды.

Автор. Кей адамның мінезі тікенге ұқсайды; ал тікенекті шеңгелге аң да жуымайды.

Бауыржан. Кей адамның мінезі қоғаға ұқсайды; ал қоғаны шошқа да шиырлайды, сиыр да жапырады. Қоға боп көрінгеннің аяғына

тапталғанша, шеңгел боп шіреніп тұрған артық...» (Nurshaikhov, 2005: 76).

Осындағы түйдек-түйдек тың нақыл, өткір ой, жарасты теңеулер әркімді-ақ таңырқатады. Екеуінің де жан сарайы ақылға бай, ойға жүйрік екендігін байқатады.

Ә. Нұршайықов кейіпкердің сөз саптау, сөйлеу мәнеріне мәністі қараған. Кейіпкертілінде мақал-мәтелдер, канатты сөздер, фразеологиялық сөз оралымдары, образды теңеулер жиі кездеседі. Мұның бәрі әрі айтушының жан дүниесін, сезімін ашуға көмектеседі, әрі жазушының тіл байлығын көрсетеді.

Романда Бауыржанның аузынан шығып жататын өлең шумақтары да әжептеуір қызмет атқарған. Автор қойған кей сұрақтарға өлеңдете қайтарған жауаптарынан оның үнемі қатал, сұсты, бірбеткей жан еместігін, тебірене алатын, жүрегі егіліп, езілетін нәзік сезімді өнер иесі екендігін көреміз. Оның:

«...Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Менде де ой бар, сезім бар жан тербеткен.
Жүрегім менің қиыршық тас емес қой,
Қайғыларым бар менің де еңіреткен...»
(Nurshaikhov, 2005: 312) –

деген өлең жолдары ішкі әлемінен сыр айтқандай.

Батыр аға өзін жазушылыққа жетелеген негізгі себеп – адамгершілік парызы сезіну болғандығын айтады: «Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа қалдыруды адамгершілік парызым деп білдім. Жазушылыққа осылай бет бұрдым» (Nurshaikhov, 2005: 53). Роман соңында біз адамзатқа тән барлық асыл қасиеттерді бойына жиган, оны кейінгі ұрпаққа қалдыруға құштар данышпан қарт батыр тұлғасын көреміз. Осы тұста Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор әрі жазушы Петр Вершигораның: «Бізге Б. Момышұлының әскери ерлігі мәлім. Ол жазушы болып екінші ерлік жасады. Меніңше, екі ерлігі де тепе-тең», – деген сөзі еске оралады. Расында, романда Баукең бірде болаттай берік батыр тұлғасында көрінсе, енді бірде, ойлы жазушы қалпына ауысады.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогындағы Б.Момышұлы шығармашылық тұлға ретіндегі болмысын танытуға да аса ден қойған. Халыққа жаужүрек батырлығымен, жазушылығымен танылған Б.Момышұлының образын жасауда автор сол тұстағы көрнекті ақындардың Баукең туралы шымыр шумақтарын тиімді пайдаланған. Мәселен, Ғали Орманов,

Қасым Аманжолов, Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Кәкімбек Салықов, қырғыз ақыны Сүйінбай Әралиев, Есет Әукебаевтардың өлеңдерін осындай мақсатта қолданған. Сырбай Мәуленовтың: «Кең жауырынды, Талғардай кең иықты, бөрі кеуде, бүркіт қабақ...» (Nurshaikhov, 2005: 235) деп суреттеген портреті, қырғыз ақынының «Ақбоз ат мінген қолбасының ер тұлғасын» мүсіндеуі, ақын Әбділдә Тәжібаевтың майданда жүрген батыр досына деген сағынышын өлеңмен жеткізуі талай жайды аңғартатын детальдар. Бауыржанға арналған жыр-дастандар да көп. Алайда автор оларды елеп-екшеп, батыр характерін тайға таңба басқандай танытатын өлеңдерді ғана пайдаланған.

Әсіресе, Ғали Омаровтың «Полковник», Қасым Аманжоловтың «Бауыржан» атты өлеңдеріндегі поэзия тілімен өріліп жазылған мінездемелерді келтіруі батырдың тұлғасын жарқыратып, шығарманың поэтикалық қуатын арттырған. Қасым Аманжоловтың:

«...Жан ұқпас жұмбақ емес бір жасырын,
Айтады ол тіке қарап жұртқа сырын.
Жаратпас жамап-жасқап жұрт ескісін,
Соғады өз дүкені сөз асылын...»

Ғали Омаровтың:

«...Бірде тік, бірде сынық, бірде қатты,
Жайдары көңілі түссе махаббатты.
Жалғанның жазы-қысы қабағанда,
Батырын кім сүймесін бұл сымбатты!

Тартынса табиғаты бір-ақ уыс,
Еткендей тал бойынан аңғардым күш.
Тік өскен туған жерге қара емендей,
Халқымның қалағаны сондай туыс?»
(Nurshaikhov, 2005: 193) –

деген өлең шумақтары батыр мінезін танытуда асқан көркемдік дәлдікпен пайдаланылған штрихтар.

Осы тұста айта кететін жайт, романда Баукеңнің әдебиет майданындағы достары да сөз етіледі. Соның бірі Әбділдә Тәжібаев. Баукең өзінің бір әңгімесінде Әбділдәнің адамгершілік, азаматтық келбеті туралы сүйсіне айтып береді. Ол әңгімеден ұғатынымыз, Баукең Ә.Тәжібаевты қан төгіс ұрыс жүріп жатқан майдан шебіне жауынгерлерге сәлем бермек болып келгендігі үшін ғана бағалап қоймайды, ол «Әбділданың әкедей ақылғой,

шешедей мейірбан, парасатты өлеңдеріне» де тәнті екендігін айтады.

Нәтиже мен талқы

Өрине, жазушы өз шығармаларына арқау болған тарихи тұлғалар өмірінің шындығын құжаттар, деректер негізінде баяндай салмаған. Өртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы типтік образ, нанымды характер жасап, қаһарманның ішкі әлемін көрсеткен. Тіпті деректі материалдардың өзін көркем образдың жан дүниесін танытатын құрал ретінде пайдаланған.

Ә. Нұршайықов шығармашылығының бір қыры – кім туралы, не жайында қалам тербесе де деректі материалдарға, өмірдің ақиқат жайларына сүйене отырып, оны көркем сөз өрнегіне түсіру. Кейіпкерлері көбіне тарихи тұлғалар болғандықтан, оның болмысы мен характерін

қаз-қалпында бейнелеуге ұмтылуы, деректі материалдарға жүгінуі шығармаларының тарихи маңыздылығын арттырғаны анық.

Қорытынды

Бүкіл жұртшылыққа танымал жандар жайлы тек шындық ғана жазылуға тиіс екені бәрімізге аян. Ә. Нұршайықов шығармаларының шыншылдық сипатын жақсы бағалай келе Нұрқасым Қазыбеков: «... егер шын тарих ұлы оқиғалар мен даңқты адамдардың өміріне байланысты жазылатын болса, онда Әзілхан Нұршайықов шығармалары болашақ үшін де өте қажет, ұзақ жасайтын өміршең шығармалардың қатарынан орын алары хақ» (Kazbekov, 1991: 72), – дейді. Расында, ірі тұлғалардың болмысын, адамгершілігін танытатын мұндай шығармалар қай кезде де бағалы.

Әдебиеттер

- Бондаренко Г.Ф. Документализм и художественный вымысел в современной советской прозе о Великой Отечественной войне. Автореф. дисс. на соис. учен. степени канд. филол. наук. – М., 1980. – 24 с.
 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым. 1991. – 207 б.
 Нұршайықов Ә. Тандамалы. Екі томдық. – Алматы: Жазушы. 1980. Т.1. Роман мен повесть. – 520 бет, Т.2. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. – 360 б.
 Нұршайықов Ә. Тандамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.5. – 552 б.
 Кәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы. // Қазақ әдебиеті. – 1992, 4 желтоқсан.
 Бек А. Волоколамск тас жолы. – Алматы: Жалын, 1980. 2-кітап. – 304 б.
 Кривицкий А. На полях книг: Монологи публициста. – М.: Сов. писатель. 1986. – 453 с.
 Снегин Д. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Жазушы, 1983.
 М. Ғабдуллин. Менің майдандас достарым, – Алматы, 1985.
 Ғабдуллин М. Сұрапыл жылдар: (Майдан хикаялары). – Алматы: Жазушы, 1972. – 295 бет.
 Зейнеп Ахметова Шуақты күндер. – Алматы, 2008. – 261б.
 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы, 2003. – 640 б.
 Қазбеков Н. Ой таразысы: Сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 255 б.

References

- Bondarenko G.F. (1980). Dokumentalizm i hudozhestvennyj vymysel v sovremennoj sovetskoj proze o Velikoj Otechestvennoj vojne. [Documentarism and fiction in modern Soviet prose about the Great Patriotic War]. Avtoref. diss. na sois. stepeni kand. filol. nauk. M., 24 s. (In Russian)
 Dadebaev Zh. (1991). Omir shyndygy zhaene koerkemdik sheshim. [Realities of life and artistic solution]. Almaty: Gylym, 207 b. (In Kazakh)
 Nurshaikhov A. (1980). Tangdamaly. Eki tomdyq. [Selected. Two-volume.] Almaty: Zhazushy. Roman men povest', 520 b, Aqiqat pen angyz. Roman-dialog, 360 b. (In Kazakh)
 Nurshaikhov A. (2005). Tangdamaly shygarmalarynyng on tomdyghy. [Ten volumes of selected works]. Almaty: Kazygurt, T.5., 552 b. (In Kazakh)
 Kakishev T. (December 4,1992). Shynajy oemir zhyrshysy. [The narrator of the real life]. // Qazaq aedebieti. (In Kazakh)
 Beck S. (1980). Volokolamsk tas zholy. [Volokolamsk highway]. Almaty: Zhaly, 2-kitap, 304 b. (In Kazakh)
 Krivitsky A. (1986). Na poljah knig: Monologi publicist. [On the margins of books: Monologues of the publicist]. M.: Sov. pisatel', 453 s. (In Russian)
 Snegin D. (1983). Sbranie sochinenij v pjati tomah. [Collected works in five volumes.] Almaty: Zhazushy. (In Russian)
 Gabdullina M. (1985). Mening majdandas dostarym. [My frontline friends]. Almaty. (In Kazakh)
 Gabdullin M. (1972). Surapyl zhyldar: (Majdan hikajalary). [Harsh years: (front stories)]. Almaty: Zhazushy, 295b. (In Kazakh)
 Akhmetov Z. (2008). Shuaqty kunder. [Bright days]. Almaty, 261 b. (In Kazakh)
 Momysuly B. (2003). Ushqan uja. [Our family]. Almaty, 640 b. (In Kazakh)
 Kazbekov N. (1991). Oj tarazysy: Syn maqalalar. [Scale of thoughts: Critical articles]. Almaty: Zhazushy, 255 b. (In Kazakh)